

**"Байқоңыр" кешенінің аумағында радиожилілік спектрін пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1113 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 839 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Байқоңыр» кешенінің аумағында радиожилілік спектрін пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1113 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінің төрағасы Асқар Қуанышұлы Жұмағалиевке «Байқоңыр» кешенінің аумағында радиожилілік спектрін пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға ө к і л е т т і к б е р і л с і н . » ;

көрсетілген қаулымен мақұлданған «Байқоңыр» кешенінің аумағында радиожилілік спектрін пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімнің жобасында:

3-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігі;  
»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*